

*** Тақырып 5. Қазақстан
Республикасының
валюталық саясатының
ерекшеліктері**

- * Қазақстан 1992 жылдан әлемдік валюта қорының (ӘВҚ) мүшесі болып табылады. Сондықтан өзінің валюталық жүйесін Ямайкалық әлемдік валюта жүйесінің құрылымдық принциптерін ескере отырып құрады. 1993 жылдың қарашасынан бері ұлттық валюта жүйеміздің негізі - теңге ендірілді.
- * 1996 жылдың 24 желтоқсанында ҚР-ның «Валютаны реттеу туралы» Заңы қабылданды. Содан бері оған 9 рет өзгерістер мен қосымшалар енгізілді.

- * Қазақстанның валюта Заңының негізгі элементтері төмендегідей:
- * - валюта заңының басты-басты түсініктерін нақты анықтау;
- * - валютаны реттеу мен валютаға бақылау жасаудың тәртібі;
- * - валюталық операциялар оларды өткізудің рұқсат етілу тәртіптері;
- * - шетел валюталарын, құнды қағаздарды әкелу мен сыртқа шағарудың тәртібі;
- * - халықаралық төлемдер мен жіберудің тәртібі.

- * Осы Заң бойынша конвертирленудің бір бөлік (ішкі) ережесі бекітіліп, валюта жүзуінің біркелкі бағыты белгіленді.
- * Валюталық операцияларға жекеменшіктік және басқа құқықтардың валюталық құндылықтарға ауысуына байланыстылығы, шетел валюталарын әкелу мен сыртқа шығару жатады.

- * **Валюталық құндылықтар** - шетел валютасы, құнды қағаздар, шетелдік валютамен жүргізілетін төлем құжаттары, аффинирленген алтын.
- * ҚР аумағында резиденттер (Қазақстан азаматтары) мен резидент еместер (шетелдіктер) жүргізілетін валюталық операциялар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өкілетті банктер мен өкілетті ұйымдар арқылы атқарылады.
- * Резиденттер арасындағы барлық төлемдер мен ақша жіберу операциялары ҚР-ның ұлттық валютасымен ғана жүргізілуге тиіс.
- * Валюталық операциялар капитал қозғалысына байланысты күнделікті операцияларға бөлінеді.

- * Күнделікті операциялар мыналар:
 - тeлeм мepзiмiн кейiнгe қалдыруды қарастыратын экспорт-импорт келiсiмдерiнiң есeбiн жүзегe асыруға арналған ақша жiберулер, немесе 180 күннен аспайтыш мepзiмгe тауарлар үшiн берiлетiн авансалық төлем;
 - салымдар, инвестициялар, заем мен басқа да операциялар бойынша ақша жiберу, үлес пайдасын алу, сыйлықтар мен түрлiше табыстар;
 - гранттарды, мұрагерлiк сомаларды қоса есептегендегi саудалық сипаты жоқ ақша жiберулер.

- * Капиталдың қозғалысына байланысты операциялар:
- * - инвестицияларды жүзеге асыру;
- * - ақыл-ой мүддесінің объектілеріне толық құқықтарды беруді қарастыратын келісімдер бойынша есептеулерді жүзеге асыратын ақша жіберілуі;
- * - 180 күннен аспайтын мерзімге кредиттер беру мен оларды алу;
- * - құнды қағаздарға ие болатын - портфель инвестициялары;
- * - қозғалымсыздыққа деген мүлктік құқықты өтеуге жіберілетін ақшалар;
- * - зейнетақылық активтермен, сақтандырумен, қайта сақтандырумен және т.б. байланысты халықаралық ақша қатынастары.

- * ҚР-дағы валюталық операциялардың құқықтық жайындағы ғылым ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2001 жылдың сәуірінде қабылданған №115 қаулысының ережесіне, 2002, 2003, 2004 жылдары қосылған өзгерістер мен қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.
- * Қазақстанның валюта жүйесінің маңызды элементтері болып валюталық реттеу мен валюталық бақылау саналады.
- * ҚР-да валюталық реттеудің негізгі органы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі. ҚР-ның Үкіметі мен басқа да мемлекеттік органдар валюталық реттеулерді өз ырықтарының деңгейінде жүзеге асырады.

- * ҚР-ның Ұлттық банкі шетел валютасы мен құнды қағаздардың шетел валютасындағы ауқымы мен айналыс тәртібін анықтайды, резиденттер мен резидент еместердің орындаулары жайлы міндетгі нормативтік актілер шығарады, экспорттық операциялар төлемін өтеуге шектеулер қояды, лицензиялар береді, шетелдік валютамен операциялар жасау лицензияларын тоқтатып, олардың күшін жояды, олар бойынша есеп беру түрлерін анықтайды.
- * Ұлттық банк мен ҚР-ның Үкіметі және сондай-ақ олардың агенттері валюталық операцияларды жүзеге асыру барысындағы заңдылықтарды қамтамасыз ету үшін валюталық бақылау жүргізеді.

- * Валюталық бақылаудың негізгі бағыттары мыналар:
- * - жүргізуші экспорттық-импорттық валюталық операциялардың заңға сәйкестігі мен олар үшін қажетті лицензиялар мен рұқсаттардың бар-жоқтығын анықтау;
- * - төлемдердің негізді екендігін тексеру;
- * - валюталық операциялар бойынша жүргізілетін есептер мен есеп берудің толықтығы мен дұрыстығын тексеру.
- * Валюталық бақылау ҚР Ұлттық банк басқармасының 2001 жылдың 5 қыркүйегінде қабылданған №343 (3.06.02., 17.06.02 ж.б. кездердегі өзгерістер мен қосымшасы бірге) қаулысының нұсқауына сәйкес жүзеге асырылады.

- * Әлемдік тәжірибеде көрсеткендей, нарықтық экономика жағдайында халықаралық валюталық қатынастарды реттеу екі түрде жүзеге асырады:
- * нарықтық реттеу;
- * мемлекет тарапынан реттеу;
- * Валюталық нарықта валюталарға деген сұраныс және ұсыныс, сондай-ақ олардың бағамдық шекті қатынастары қалыптасады.

* Нарықтық реттеу құн заңына бағынады. Мұндай заңдардың валюталық нарықтағы бәсекелестік жағдайында жұмыс жасауы, валюталар айырбасының қатысты бағамдылығын, тауарлар, көрсетілген қызметтер, капиталдар, несиелер қозғалысына байланысты әлемдік шаруашылықтың қажеттілігіне валюталардың халықаралық ағымының сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Баға механизмі және нарықтағы валюталық бағам динамикасының белгілері арқылы экономикалық агенттер валюталарды сатып алушылардың сұранысы мен оларды ұсыну мүмкіндіктері туралы біле алады. Сонымен бірге, нарық валюталық опирациялардың жағдайы туралы ақпараттар көздері болып табылады.

- Бірақ та мемлекет ертеден бері валюталық қатынастарға араласып келген, бастапқысында ол жанама түрде кейінен оның әлемдік шаруашылықтағы маңыздылығын ескере отырып, тікелей араласа бастады.
- 30- жылдардағы ХХ ғ. алтын стандарты алынып тасталуына байланысты валюталық бағымды реттегіш ретінде алтын механизмі қызметін тоқтатты.
- Бағамдық шекті қатынастардың аяқ асты ауытқуы мен валюталық дағдарыстар ұлттық және әлемдік экономикаға теріс әсер ете отырып, ауыр әлеуметтік-экономикалық зардапқа ұшыратты.

Нарықтық және мемлекеттік валюталық реттеу бірін-бірі толықтырады. Біріншісі, бәсекеге негізделген, яғни дамуды ынталандыра түссе, ал екіншісі, валюталық қатынастарды нарықтық реттеудегі теріс салдарларды жоюға бағытталған. Екі реттегіш арасындағы шекара нақты жағдайлардағы тиімділік және шектеуге байланысты анықталады. Сондықтан да олардың арасындағы шекті қатынас жиі ауысып отырады. Дағдарыс, соғыс және тағы басқап қиын жағдайларда қатаң мемлекеттік валюталық реттеудің маңыздылығы артады. Сондай-ақ валюталық-экономикалық жағдайдың жақсаруы барысында валюталық операциялар ырықтандырылып, бұл аумақта нарықтық бәсеке орын алады. Бірақ та мемлекет бұл жағдайда валюталық қатынастарды қалыпқа келтіру және қадағалау мақсатында валюталық бақылау жасайды.